

Дін және жастар

Аудандық Зұлқарнайұлы Мұса қажы мешітінің бас имамы Еркебұлан Қошанмен сұхбат

Тәуелсіз еліміздің кішкене ғана ғұмырында дін саласына көптеген өзгерістер еніп келеді.

Жастардың діни сауаттылығы – қазіргі қоғамда күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Жастардың рухани санасын оятуда діннің алар орны ерекше. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады.

Осы орайда, біз аудандық Зұлқарнайұлы Мұсақажы мешітінің бас имамы Еркебұлан Жаңбырбайұлымен сұхбат жүргіздік.

-Қайырлы күн, Еркебұлан Жаңбырбайұлы. Қазіргі таңда көптеген азамат-азаматшалар діни сауаттылықтарын арттырып, Алла жолына түсіп, бес парыздарын орындап жүрген жастар саны көбеюде. Осыған сіздің көз-қарасыңыз қандай?

- Сәлеметсіз бе! Иә, Аллаға Шүкір дейміз. Күннен күнге иманды жастарымыздың саны көбейіп жатқандығы көңіл қуантады. Еліміздің болашағы өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ қолында. Жастарымыз жан-жақты, тәрбиелі әрі діни сауатты болса біз өткермейтін қамал жоқ. Сол себепті, бес парызын орындап жүрген иманды жандарға айтарым, әрдайым білім-ілім іздеп, діни сауатты болуға талпынайық.

-Сіздің бала тәрбиесіндегі басты құндылықтарыңыз?

-Басты құндылығым, қазақты тәрбие деп айтар едім. Ата-балаларымыз, ғұлама ғалымдарымыз ауыл молдасынан дәріс алып, өз болашақтарының кірпішін молданың берген ілімімен қалады емес пе?! Ата-әженің қазақы тәлім-тәрбиесін бойға жинап, аттары



Бас имам жастарды діни сауатты болуға шақырады

әлемге танылған бабаларымыз қаншама. Баланы тәрбиелемес бұрын, біз ата-ана ретінде ең алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз маңызды. Бала көргенің істейді ғой. Сол себепті, біз алдымен өзімізді тәрбиелеп, өз бойымыздағы қазақы, әрі діни құндылықтар мен жақсы қасиеттерді балаларымызға дәріптеу арқылы, болашақта ел намысын қорғайтын азамат-азаматшаларды тәрбиелейміз.

-Бұл сұрақты қойған себебім, бүгінгі заманда маңызды болған мәселелердің бірі дәстүрлі емес діни ағымдардың пайда болуы. Қоғам мүшелерінің біршамасы өзінің тарихи, дәстүрлі діндерінен шығып, секталардың шылауында адасып жүр. Теріс діни ағымдардың арбауына түсіп қалмау үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

- «Тәрбие тал бесіктен» демекші, баланың адам болып қалыптасып, болашағының

ірге тасын қалауы үйдегі ата-ананың жауапкершілігінде. Баламен әрдайым тілдесіп, мейірім төгу бүгінгі заманның басты талабы. Бозбала, бойжеткендеріміз шаңырақта немесе жақынынан жылулық көрмесе, сол жылулықты сырттан іздеп кетеді деген бар. Сол себепті, барша жандарды қасындағы жақындарына, бауырларына көмек қолын созып, қуанышы мен қайғысын бірге бөлісіп, әрдайым жанынан табылса екен дейміз. Бір-бірімізге мейірім төгіп, қолдау мен көмек көрсету арқылы жастарымыздың теріс бағыттағы діни ағымдардың арбауына түспеуінің алдын аламыз.

Көптеген оқу орталықтарында діни сауаттылыққа назар аударылып, жастармен өткізілетін өсиет сұхбаттар көбейсе екен деп ойлаймын. Ата-анасы мен бауырларынан жырақта жүрген студенттерімізге ақыл-кеңес пен өз қол-

дауымызды білдіру ол кісілер үшін таптырмас мүмкіндік.

-Цифорлық заманда әлеуметтік желіден діни білім алған дұрыс па?

-Әлеуметтік желіден діни сауаттылықты арттыруды мен құптаймын. Тек, сақ болуға шақырамын. Себебі, «қой терісін жамылып отырған қасқырлар қаншама». Елімізге танымал, көптеген иманды аға буын өкілдерінің әлеуметтік желі парақшаларынан өздеріне пайдалы әрі құнды ақпаратты тыңдап, діни білім алуға болады.

-Мұсылман адамының тұлғалық бейнесі қалай болуы керек?

- Біз Алла елшісі Мұхаммед Пайғамбарға қарап бой түзейміз. Тарих беттерінде пайғамбарымыздың қандай адам болғаны жайлы оқып біле аламыз. Ол кісінің бойындағы құнды қасиеттері әзір елімізге дарыту осы өмірдегі парыздарымыздың бірі. Пайғамбарымыздың мейірімділігі, тазалығы, адалдығы барша қасиеттері мына біздерге үлкен үлгі. Мұсылман адамының тұлғалық бейнесі дегенде пайғамбарымыздың бейнесінде болу керек деп айтар едім.

-Өсіп келе жатқан жас бозбала, бойжеткендерге айтар ақыл-кеңесіңіз?

-Бүгінгі жас, ертеңгі Қазақстан. Көк байрағы желбіреген, берекелі де беделді, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің ұрпақтары әрдайым адамгершілігі мол, білімді, діни сауатты болуға міндетті. Сондықтан, құрметті жастар, жан-жақты болып, білім-ілім іздеуден жалықпаңыздар. Өмірден өз орындарыңызды тауып, болашақтарыңыздың жарқын болуын тілеймін.

Сұхбаттасқан Ақжан Байтұрсынова